

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.5-8

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ОСАКАРОВ АУДАНЫНДАҒЫ БИДАЙ ТРИПСІНІҢ ТАРАЛУЫ**

Мәулен Ж.

*Кіріспе.* Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асырылуы туралы ел азаматтарына алға деген міндеттер қойылды. Жолдаудағы негізгі міндеттердің бірі болып еңбек өнімділігін және қайта өңделіп шыққан ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттарын және суармалы жер көлемдерін 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайту керек екенін айтты. Осы қойылған нұсқаулардың барлығы орындалса, ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 4,5 есе артуына мүмкіндіктер ашылады. Ол үшін біз ауыл шаруашылығы саласындағы үздік технологияларды пайдалуынымыз керек. Үкіметке алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттардың іске асырылуына 90 миллиард теңге қарастыруды тапсырылды [1].

Ауылшаруашылығы өнімінің көлемін арттыру үшін бидайдың зиянкестерімен күресе білуіміз маңызды. Жас трипстер мамыр-маусым айларында пайда болады, күздік бидайдың масақтануымен сәйкес келеді. Егістікке шабуыл ауа арқылы жүреді. Зиянкестер 1,5-2 м биіктікте ұшады. Олар масақтың соңғы жапырақ қынабының артында, өсімдік шырынын сорып қоректенеді. Күздік бидайдың масақтану кезеңінде зиянкестер егістікке жаппай қоныс аударады. Кейін аналықтар феромон бөліп аталықтарды шағылысу үшін еліктіре бастайды.

Зиянкес популяциясында аналықтар саны 2-3 рет көбірек. Кейбір аймақтарда аталық дарақтар саны тіпті жалғыз болуы мүмкін. Бірақ бұл көбею деңгейін төмендетпейді, өйткені бидай трипстерінің аналықтары ұрықтанбаған жұмыртқа салуға қабілетті.

Жұмыртқа салу масақ қабыршақтарының ішкі жағында жүреді. Жұмыртқа салуы 25-28 күнгедейін созылады. Эмбриондық дамуы 7-8 күн, яғни бір аптадан соң балаңқұрттары шыға бастайды. Туылған кезде балаңқұрттары ашық-жасыл түсті, бірақ даму барысында түсі ашық қызыл ренге ауысады. Өсімдікке негізгі зиянды балаңқұрттары келтіреді. Балаңқұрттарының дамуы жарты жылдан асады. Жұмыртқадан шыққан соң олар жас дәннің шырының сорып қоректене бастайды. Бұл кезең дәндердің балауыздана пісу кезеңіне дейін созылады. Бұл уақытқа дейін балаңқұрттар

түлеп үлгереді. Олар қоректенуін тоқтатып, өсімдіктің тамыр маны аймағына түседі. Осы күйінде олар қыстауға кетеді. Зиянкестің бір бөлігі топыраққа 10-20см тереңдікке кетсе, бір бөлігі өсімдік қалдықтарының астында қыстайды. Топырақ температурасы +8С° градусқа жеткенде олар пронимфаға айналады, ал одан кейін нимфаға айналады. Бұл қалпында олар 1-2 апта өткізеді де, келесі сатысы – имагоға өтеді. Ересек дарақтарының пада болуы бір айдан кейін жүреді. Имагоның өмір сүру ұзақтығы 30-40 күнді құрайды[2].

#### *Есептеу әдістемесі*

Санын есептеу әдістемесі. Көктемгі бақылау аңызда қыстап шыққан балаңқұрттарға бидай егілген алқаптарда жүргізіледі. Егістікте әр 50 кадамнан соң 20 сынама алады, сынама көлемі 0,25 м<sup>2</sup>. Әр сынамадан аңыз қалдығын жинап жеке қалтаға салады. Әр сынамадағы сабақтағы балаңқұрт санын есептейді және 1 м<sup>2</sup> орташа тығыздығын анықтайды. Жаздық тексеру жұмыстары трипстің алғашқы және жаппай ұшуы мерзімін анықтау үшін жүргізіледі, сонымен қатар өсімдіктің өсу кезеңінде олардың сандық есебін жүргізеді. Табиғи астық дақылдар стацияларында, сонымен қатар дәнді дақылдар егістіктерінде трипсің пайда болу уақытын энтомологиялық қақпатормен сермеу арқылы анықтайды. Егістіктерде ересек трипстерді жинаудың едәуір ыңғайлы және дәл анықтау әдісі - шөптесін өсімдіктерден ұшу кезінде санау болып табылады. Ол үшін көлемі 20x30 см жеңіл, бірақ тығыз материалдан тігілген қалталарға 50-100 бидай масағын салады. Масақтарды бидайдың сабақтану, масақтану, гүлдеу, дәннің сүттеніп балауызданып пісуі фазаларында алады. Жиналған сынамаларды 1-2 тәулік өткеннен кейін қалта ауыздарын ашып, үлкен ақ қағаз бетіне төгеді және трипстердің санын есептейді. Этикеткасында сынама номері, алынған мерзімі және алынған жері жазылады. Санау кезінде ескеріледі: 1) әр сынамадағы трипстер саны; 2) 1 масақтағы трипстердің орташа тығыздығын есептейді.


Егістіктегі масақтардың қалыңдығына қарай 1 м<sup>2</sup> тығыздығын анықтайды. Трипстің жұмыртқалауын масақтану фазасынан бастап дәннің сүттеніп балауызданып пісуі фазасына дейінгі аралықта бақылайды. Бақылау анық және жеткілікті болуы үшін, анықталған алаңдарда 100 сабақты белгілеп қояды. Оларға әр 2 күннен кейін жұмыртқа салған орнын және ондағы жұмыртқа санын есептеп отырады. Әр өсімдікте өсімдік қынабының 5-7 жапырағының жапырақ бетін, масақ қабыршақтарының сыртқы және ішкі бетін, өзекті және масақтың төменгі жағын қарайды.

Трипс балаңқұрттарының дамуын бақылауды жаздық бидайдың гүлдеу фазасынан бастап, дәннің толық пісуі фазасында аяқтайды. Бидай масақтарында трипс балаңқұрттарының қоныстануын дәннің сүттеніп-балауызданып пісуі фазасында анықтайды. Әр егістіктен 50 масақтан 3 сынама алынады, олар қатты қағаздан жасалған қалтаға немесе полиэтиленге салынады. Сараптама жасау кезінде масақтағы дәндерді және балаңқұрттарды санайды, сосын масақтағы және дәндегі балаңқұрттардың орташа санын анықтайды. Ары қарай 1 м<sup>2</sup> зақымданған сабақ масақтарын

біліп алғаннан кейін 1 гектардағы балаңқұрт санын анықтайды. Балаңқұрттардың дәннің толық пісуі фазасында зақымдауын анықтау үшін 100 масақ жинайды. Зақымдалудың төмен, орташа жоғары дәрежесіне қарай бөледі. 1 м<sup>2</sup> дән салмағының шығынын былай анықтайды: бір балаңқұрттың орташа салмағы 0,1 мг; ылғалды ауа-райында зияндылық коэффициенті 0,3%-ға, құрғақ ауа райында 0,5%-ға тең. Балаңқұрттардың зияндылығын бағалау үшін олардың 1 м<sup>2</sup> санын анықтау керек, шыққан санды 0,1-ге көбейту керек, ал сосын 0,3-ке, немесе 0,5% көбейтіледі. Содан кейін 1 гектардағы саны есептеледі[3].

### Зерттеу нәтижесі

Осакаров ауданы бойынша ауа райы жағдайының 2020 жылға климограммасы



Бидай трипстеріне көктемгі зерттеу 500 га бидай аңызынан зерттелді. Қоныстанған аумақ – 230 га. 1 шаршы метрде 5-ке дейін бидай трипстері бар екені анықталды.

Ересек трипстердің жаздық бидайда пайда болуы 02 маусым күні тіркелді. Ересек трипстерге зерттеулер 550 га бидай егістігінде жүргізілді. Қоныстанған аумақ – 50 га. 1 өсімдікте 5-ке дейін бар трипстер бар екені анықталды.

Бидай трипсі жаңа ұрпағы дернәсілдеріне зерттеулер 800 га бидай егістігі зерттелді. Қоныстанған аумақ – 240 га. 1 өсімдікте 140 га жерде 4 данадан, 100 га жерде 6 данадан дернәсілдер бар екені анықталды.

Күзгі зерттеулер 130 га бидай егістігінде жүргізілді. Қоныстанған аумақ – 70 га. 1 шаршы метрде 1-тен 5-ге дейін зиянкестер бар екені анықталды.



Сурет 1. Бидай трипсін аулау

Кесте 1. Бидай трипстеріне көктемгі зерттеулер жүргізу мәліметі

МЫҢ га

Селолық округтің аты	жоспар	зерттелгені	қоныстанғаны					
			барлығы	о.і. 1 ш.м. саны				
				<5	<10	<20	<30	>30
Озёрный	0,5	0,5	0,23	0,23				
Барлығы:	0,5	0,5	0,23	0,23				

### Қорытынды

Аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жүргізілген мониторингтік зерттеулер бойынша, бидай трипстеріне көктемгі зерттеу 500 га бидай аңызынан зерттелді. Қоныстанған аумақ – 230 га. 1 шаршы метрде 5-ке дейін бидай трипстері бар екені анықталды.

Ересек трипстердің жаздық бидайда пайда болуы 02 маусым күні тіркелді. Ересек трипстерге зерттеулер 550 га бидай егістігінде жүргізілді. Қоныстанған аумақ – 50 га. 1 өсімдікте 5-ке дейін бар трипстер бар екені анықталды.

Бидай трипсі жана ұрпағы дернәсілдеріне зерттеулер 800 га бидай егістігі зерттелді. Қоныстанған аумақ – 240 га. 1 өсімдікте 140 га жерде 4 данадан, 100 га жерде 6 данадан дернәсілдері анықталды.

Күзгі зерттеулер 130 га бидай егістігінде жүргізілді. Қоныстанған аумақ – 70 га. 1 шаршы метрде 1-тен 5-ге дейін зиянкестер бар екені анықталды.

Ауылшаруашылығы дақылдарының зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерінің 2020 жылы дамуы мен таралуына шолуы бойынша, 2021 жылға болжамдар жасалды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қасым Жомарт Тоқаевтың 2 қыркүйек, 2019 жылы Қазақстан халқына жолдауы
2. Бекенова Ш.Ш. Ауылшаруашылығы дақылдарының зиянкестері – Астана. 2017.-232б.

3. Merker, E. Der Einflub des Baumzustandes auf die Ubervermchrung einiger Waldshedlinge / E. Mercer // Z/ angef/ End., 46. - № 4. - 2006. - P. 432 - 445.

4. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» Осакаров аудандық филиалы жылдық есебі. 2020 ж.